


## Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
<b>АҚШ</b>			
S&P 500	6 592	▲ 0,54%	▲ 12,3%
NASDAQ	21 930	▲ 0,77%	▼ -5,6%
DJIA	46 429	▲ 0,66%	▲ 9,5%
CBOE Volatility Index (VIX)	25	▼ -6,01%	▲ 41,3%
<b>Еуропа</b>			
FTSE 100	10 107	▲ 1,42%	▲ 22,4%
DAX	1 960	▲ 1,47%	▲ 14,9%
<b>Азия</b>			
Hang Seng	25 336	▲ 1,09%	▲ 29,1%
Nikkei 225	53 868	▲ 3,09%	▲ 35,0%
Shanghai SE	3 932	▲ 1,30%	▲ 20,5%
<b>Қазақстан</b>			
KASE	7 773	▼ -0,92%	▲ 36,9%

### Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары өсіммен жабылды: S&P 500 индексі 0,54%-ға өсіп, \$6 591,90 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 0,77%-ға көтеріліп, \$21 929,83 болды; DJI 0,66%-ға қымбаттап, \$46 021,43 деңгейінде қалыптасты. S&P 500 индексінің 11 секторының 9-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары Materials (+2,1%), Health Care (+0,8%) және Information Technology (+0,6%) секторлары болды. Төмендеу Financials (-0,1%) және Real Estate (-0,04%) секторларында тіркелді.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	10 250 699 909 743	0,5%	-1,9%	23,1%
Consumer Discretionary	6 323 002 755 738	0,5%	-7,2%	9,5%
Consumer Staples	3 411 772 095 811	0,5%	-9,8%	1,5%
Energy	2 172 839 336 564	0,2%	-13,3%	31,5%
Financials	7 569 342 524 525	-0,1%	-5,4%	1,1%
Industrials	5 268 250 150 532	0,5%	-6,6%	24,6%
Information Technology	18 756 870 005 672	0,6%	-1,3%	79,9%
Materials	1 058 403 672 498	2,1%	-3,8%	13,3%
Real Estate	1 095 574 192 538	0,0%	-7,5%	-7,3%
Utilities	1 401 011 733 205	0,2%	-4,3%	16,2%
Health Care	5 330 006 306 408	0,8%	-7,6%	2,9%

АҚШ-тың негізгі қор индекстері мұнай бағасының төмендеуі және Таяу Шығыстағы қақтығыстың бәсеңдеуі мүмкін деген белгілер аясында сәрсенбі күнгі сауданы сенімді өсіммен аяқтады. Инвесторлар Иранның АҚШ-тың атысты тоқтату туралы ұсынысын қарастырып жатқаны жөніндегі хабарламаларды оң қабылдады. Бұл қақтығыстың төртінші аптасында геосаяси шиеленістің әлсіреуі мүмкін деген үмітті күшейтті, себебі бұған дейін қақтығыс жанандық энергия тасымалдау ағындарын бұзып, инфляциялық тәуекелдерді арттырған болатын.

БАҚ мәліметтері бойынша, АҚШ Иранға 15 тармақтан тұратын атысты тоқтату ұсынысын жолдаған. Бастама Пәкістан арқылы жеткізілгені болжанды. Бастапқыда Иран бұл ұсынысты қабылдамағанымен, кейінірек ирандық ресми өкілдердің бірі Тегеран бастаманы әлі де қарастырып жатқанын хабарлады. Бұл дипломатиялық реттеу мүмкіндіктері сақталып отырғанын көрсетеді.

Иранның сыртқы істер министрі Аббас Арақи ел билігі АҚШ ұсыныстарын қарастырып жатқанын растады, алайда Тегеран Вашингтонмен тікелей келіссөз жүргізуді жоспарламайтынын атап өтті. Бұған дейін Иран ұсынылған шарттарды шамадан тыс деп бағалап, әлемдік мұнай жеткізілімдерінің маңызды бағыттарының бірі саналатын Ормуз бұғазы үстінен егемендігін мойындауды талап еткен болатын.

Дипломатиялық сигналдар аясында мұнай бағасы төмендеуін жалғастырды. Brent маркалы мұнай фьючерстері күні ішіндегі шығындардың бір бөлігін қалпына келтіргенімен, сауда қорытындысында 2,17%-ға төмендеп, барреліне 102,22 доллар болды. West Texas Intermediate маркалы американдық мұнай да 2,20%-ға арзандап, 90,32 доллар деңгейіне түсті.

Мұнай бағасының төмендеуі жанармай шығындарына тәуелді компанияларға қолдау көрсетті. Norwegian Cruise Line круиздік операторының акциялары 2,8%-ға өсті, ал S&P Composite 1500 Passenger Airlines авиакомпаниялар индексі 1%-ға көтеріліп, саланың шығындары бойынша күтулердің жақсарғанын көрсетті.

Нарыққа қосымша қолдауды технологиялық сектор, әсіресе жартылай өткізгіш өндірушілер көрсетті. АҚШ-та саудаланатын Arm компаниясының акциялары жасанды интеллект қолдауымен деректерді өңдеу орталықтарына арналған жаңа чип таныстырылғаннан кейін 16,4%-ға өсті. Күтілім бойынша, бұл өнім компанияға миллиардтаған доллар табыс әкелуі мүмкін. Осы аяда Филадельфия жартылай өткізгіш индексі 1,2%-ға өсіммен жабылды.

Өсім сектордың басқа компанияларына да таралды. Advanced Micro Devices және Intel акциялары әрқайсысы 7%-дан астам өсті, ал Nvidia қағаздары шамамен 2%-ға қымбаттады. Бұл факторлар америкалық қор нарығындағы жалпы оң көңіл-күйді қосымша қолдады.




KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	390	0%	42,3%
Банк ЦентрКредит	4 550	0%	98,5%
Kcell	3 281	-1%	-2,9%
Қазатомпром	36 227	2%	77,1%
ҚазТрансОйл	1 255	-3%	52,5%
KEGOK	1 463	0%	-3,8%
Kaspi.kz	36 066	0%	-34,2%
ҚазМұнайГаз	32 849	-5%	124,5%
Эйр Астана	688	-1%	-39,8%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	481,95	0,15%	-4,9%
RUB/KZT	6,43	0,00%	0,4%
CNY/RUB	11,11	-2,78%	1,1%
EUR/USD	1,1558	-0,42%	-1,4%

\* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

# Байланыс



---

## Аналитика департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)**

**Эл.адрес:**  
**analytics@centras.kz**

## Брокерлік қызмет көрсету

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

## Сауда операциялары департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)**

**Эл.адрес:**  
**trade@centras.kz**

## Сату департаменті

**Байланыс:**  
**+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)**

**Эл.адрес:**  
**broker@centras.kz**

---

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.